

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектептің шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2025 жылдың 31 наурыз күнгі Дене
шынықтыру пәні бірлестігінің №4 отырысының хаттамасы**

Күні: 31 наурыз 2025 жыл

Өткізілген орны: спортзал мұғалімдер бөлмесі

Қатысқандар: 13

Қатыспағандар: 0

Бірлестік жетекшісі: Танирбергенрв М.Т.

Хатшы: Лутфуллаев И.

Күн тәртібі:

1. Қысқы спорт түрлерін өткізу қорытындысы және қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.
2. Екінші жартыжылдықтағы оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері.
3. Көктемгі спорттық жарыстар мен мектепішілік іс-шараларды жоспарлау.
4. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың белсенділігін арттыру және мотивацияны күшейту жолдары.
5. Әдістемелік семинарлар мен тәжірибе алмасу сабақтарын ұйымдастыру мәселелері.
6. Әріптестердің кәсіби даму курстарына қатысуы мен жаңа әдістемелік жаңалықтармен танысуы.

Тыңдалды:

Бірлестік жетекшісі Танирбергенрв Мақсат қысқы спорт түрлері бойынша өткізілген сабақтар мен іс-шаралардың қорытындысын баяндады.

Қыс мезгілінде өткізілген сабақтар және «Қысқы старт» эстафеталары жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны айтылды.

Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтары уақытылы жүргізіліп, оқушылар арасында жарақат алу фактілері тіркелмеген.

Жетекші көктемгі маусымға арналған жоспарлармен де таныстырды:

- Наурыз айында «Көңілді старттар» жарысы мен «Спорт күні» өткізу;
- Сәуір айында аудандық және қалалық деңгейдегі «Президенттік көпсайысқа» қатысу;
- Мамыр айында оқу жылының қорытындысы бойынша үздік спортшыларды марапаттау рәсімін ұйымдастыру.

Талқыланды:

- Избасаров Азамат оқушылардың дене дайындығын бағалау және нормативтерді орындау барысын бақылау әдістерімен бөлісті.
 - Тоқсанбай Нұрхат дене шынықтыру сабақтарында ойын элементтерін көбірек қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруды ұсынды.
 - Раманқұлова Ақерке «Наурыз мерекесіне арналған спорттық эстафета» ұйымдастыру бастамасын көтерді.
- Бірлестік мүшелері ұсыныстарды қолдап, жоспарға енгізуді мақұлдады.

Қаулы:

1. Қысқы спорт түрлерінің өткізілуі мен қауіпсіздік ережелерінің сақталуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Көктемгі спорттық іс-шаралар жоспары бекітілсін, жауапты мұғалімдер анықталсын.
3. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында ойын технологиялары мен командалық жарыстар кеңінен қолданылсын.
4. Әр мұғалім өз сыныптары бойынша оқушылардың дене дайындығы мен нормативтерді орындау нәтижелерін сәуір айының соңына дейін тапсыруы тиіс.
5. Бірлестік мүшелеріне жаңа әдістемелер мен тәжірибелерді бөлісу мақсатында наурыз айында мұғалімдер арасында ұлттық ойындардан жарыс өткізу тапсырылсын.
6. Келесі отырыс мамыр айында өткізіліп, онда оқу жылының қорытындысы және үздік спортшылар мен мұғалімдерді марапаттау мәселесі қарастырылсын.

Төраға: Танирбергенов М.Т.



Хатшы: Лутфуллаев И.

